



ХҒТАР 11.25.67

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-240-253>

Қазіргі заманғы қытай әдебиетінің танымалдығы және оның көрнекті өкілдері

Р.С. Мурзатаева*^{id}, Г.Қ. Құрманғали^{id}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: murzataeva.roza@icloud.com, guka_1979@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері мен жаһандық деңгейдегі танымалдығы талданады. Қазіргі заманғы қытай әдебиеті – дәстүр мен жаңашылдықты ғасырлар бойы ұштастырып отырған әдеби үдерістің айқын көрінісі. XX ғасырдың алғашқы кезеңінен бастап қытай тарихында болған әлеуметтік, саяси өзгерістер әдебиетке де өзінің әсерін, ықпалын тигізді. Зерттеу қытай әдебиетінің тарихи, әлеуметтік және философиялық мазмұндарын жан-жақты қарастыра отырып, оның ұлттық мәдениет пен жаһандық құндылықтарды үйлестіре білу ерекшелігін ашады. Мо Янь, Ю Хуа, Янь Ляньке, Лю Цысинь және Би Фэйюй сынды көрнекті қытай жазушыларының шығармашылығы мысал ретінде талданады. Аталған жазушылардың шығармаларында сол кезеңдегі қытай қоғамындағы әлеуметтік мәселелер, адам мен табиғат, халық пен билік арасындағы қатынастар шебер суреттелген. Мақалада қытай әдебиетінің ұлттық болмысты сақтай отырып, жаһандық мәселелерді бейнелеудегі маңыздылығы мен әдебиетаралық диалогты нығайтудағы рөлі ерекше атап өтіледі. Қазіргі заманғы қытай әдебиетінің жаһандық мәдениеттегі орны мен ықпалы кеңінен қарастырылады. Қытай әдебиетінің беделді халықаралық марапаттарға ие болуы және оның шығармаларының әлемдік тілдерге аударылуы әдебиеттің жаһандық кеңістікте лайықты орын алуына ықпал еткені көрсетілген. Сонымен қатар қытай әдебиетінің киноға бейімделуі және оның кең аудиторияға танылуы да талқыланады.

Түйін сөздер: қазіргі заманғы қытай әдебиеті, халықаралық танымалдылық, жаһандық мәдениет, әдеби аударма, ұлттық ерекшелік, жаһандық тақырыптар, қытай мәдениеті.

Түсті: 25.01.2025; Мақұлданды: 25.06.2025; Онлайн қолжетімді: 01.07.2025

Кіріспе

Қазіргі заманғы қытай әдебиеті – ұлттық мәдениетті жаһандық әдебиетпен үйлестіретін маңызды байланыс арнасы. Қытайдың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі әдеби мұрасы мен реформалар кезеңінде пайда болған жаңашылдық ағымдардың үйлесімі бұл әдебиетті тек Қытай шеңберінде ғана емес, әлемдік кеңістікте де кеңінен танымал етті. Белгілі әдебиеттанушы Юй Кунь қазіргі қытай әдебиетін «дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заманның үйлесімді диалогы» деп сипаттайды, бұл қытай әдебиетінің бірегейлігі мен тартымдылығын арттыра түседі.

Әдебиет елдегі әлеуметтік өзгерістерді, тарихи оқиғаларды және адамның ішкі дүниесін бейнелеудің қуатты құралына айналды. Әсіресе XX ғасырдың екінші жартысындағы саяси өзгерістер мен мәдени төңкерістер қытай әдебиетіне елеулі өзгерістер алып келді. Лу Синьхуа өзінің «Жара» атты шығармасында: «Әдебиет – бұл халықтың жарасын емдейтін құрал ғана емес, оның өткені мен болашағын да бейнелейтін айна», – деп атап өтеді.

Әйгілі қытай жазушысы Мо Янь Нобель сыйлығын алғаннан кейінгі сөзінде: «Әдебиет – тек Қытайдың емес, әлемнің болмысын зерттеудің әмбебап тәсілі», – деп айтуы қазіргі заманғы қытай әдебиетінің халықаралық мәртебесін дәлелдей түседі.

1970-1980 жылдары қытай әдебиетінде «зұлмат жылдар әдебиеті» деп аталатын бағыт кеңінен таралды. Бұл бағыт «мәдени төңкеріс» кезеңіндегі халықтың ауыр тағдырын, зардаптарын және әділетсіздікке қарсы күресін бейнеледі. Лу Синьхуа, Лю Синьбу, Шэнь Жун, Фэн Цзикай сынды авторлар осы кезеңнің көрнекті өкілдері саналды. Олардың шығармалары сол дәуірдегі адам тағдырының ауыртпалығын шынайы суреттеп, қоғамдағы терең әлеуметтік мәселелерді ашып көрсетті. Бұл әдебиет тек сол уақыттың тарихи құжатындай емес, сонымен бірге адамдардың рухани жарасын емдеу, әділеттілікке ұмтылу құралы ретінде де маңызды рөл атқарды.

Сол уақытта қытай әдебиетінде ұлттық ерекшеліктерді сақтау мен жаңашылдықты үйлестіру қажеттілігі айрықша назарға алынды. Қытайдың мәдени және әдеби саясаты «шетелдікті Қытай игілігіне қызмет еткізу, көне мұраны жаңа заманға икемдеу» ұранымен жүзеге асырылып, бұл қағида әдебиет әлемінде маңызды шығармашылық ұстанымға айналды. Бұл бағытты ұстанған жазушылар ұлттық дәстүрлердің мән-маңызын сақтай отырып, қоғамдағы өзгерістерге жауап беретін жаңа әдеби тәсілдер мен көзқарастарды дамытуға тырысты.

Белгілі қытай әдебиеттанушысы Ван Мин қытай әдебиеті өзінің тамырымен ұлттық мәдениетке тереңдеп, әлемдік әдебиеттен нәр алып, ерекше сипатқа ие болды. Бұл тәсіл әдебиетке ұлттық нақышты сақтай отырып, жаңа идеяларды сіңіруге мүмкіндік беретіні туралы қытайтанушы Д.Мәсімханұлы өз зерттеуінде атап көрсетеді [1]. Мұндай әдебиет ұлттық бірегейлікті нығайтуға ғана емес, сонымен қатар оқырманға қытай мәдениетінің тереңдігін түсінуге жол ашады. Мысалы, Мо Инфэннің «Генерал туралы ән» романы осы қағиданың жарқын үлгісі ретінде саналады. Шығармада дәстүрлі қытай философиясының элементтері мен заманауи саяси тақырыптар шебер үйлесім тапқан. Сонымен қатар Гу Хуа өзінің «Лотос алқабында» романында дәстүрлі ауыл өмірінің бейнесін жаңашыл көзқараспен суреттей отырып, ұлттық болмысты көрсетеді.

Жазушылардың бұл ұстанымы тек ұлттық дәстүрді сақтап қалуға ғана емес, оны жаңа идеялармен байытып, әдебиеттің әлемдік аренада танылуына ықпал етті. Осылайша қытай әдебиеті ұлттық мәдениетке тән нәзіктік пен философиялық тереңдікті сақтай отырып, заманауи әдебиеттің маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл тәсіл ұлттық болмыстың шекарасын кеңейтіп, қытай әдебиетінің жаһандық әдеби кеңістікте өзіндік орнын нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы қытай әдебиеті осы тарихи-мәдени негізде дамып, Мо Янь, Ю Хуа, Янь Ляньке сынды жазушылардың еңбектерінде биік шыңға көтерілді. Олардың шығармалары халықаралық деңгейде кеңінен танылып, Қытайдың әдебиет арқылы өзіндік ерекшелігін әлемге танытуына үлес қосты. Бұл жазушылар тек ұлттық құндылықтарды ғана емес, адамзаттық мәселелерді де арқау ете отырып, әлем оқырмандарының назарын аударды.

Қытай әдебиетінің қазіргі танымалдылығы оның жаһандық сипат алуымен тығыз байланысты. Заманауи авторлардың шығармаларында дәстүрлі мәдениет, тарихи сабақтар және қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындықтар үйлесім тауып, бұл әдебиет әлемдік оқырман қауымға түсінікті әрі қызықты бола түсті.

Қытай әдебиеті – ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтарды біріктіре отырып, қазіргі заманның маңызды әдеби феномендерінің біріне айналды. Бұл әдебиет тек қытай халқының мәдени ерекшеліктерін ғана емес, бүкіл адамзат үшін ортақ мәселелерді көтеруімен де құнды.

Сонымен қатар қытай әдебиетінің танымалдылығына аударма ісінің сапалы дамуы да әсер етті. Белгілі аудармашылар қытай әдебиетінің рухын сақтай отырып, оны басқа тілдерде еркін қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл үрдіс қытай әдебиетінің халықаралық әдеби фестивальдер мен көрмелерде жиі талқылануына, сондай-ақ оқырманның қызығушылығын оятуға негіз болды.

Қытай әдебиеті қазіргі заманғы әдебиетте ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық мәдени диалогтың маңыздылығын алдыңғы қатарға шығаратын шығармашылық алаңға айналды. Оның көркемдік тереңдігі, тарихи мазмұны және әлеуметтік тақырыптарды шынайы әрі терең зерттеуі қытай әдебиетінің әлемдік әдебиетке қосқан өлшеусіз үлесін айқындап отыр. Бұл әдебиет заманауи әлемнің күрделі мәселелерін қозғап, оқырмандарды мәдениетаралық түсіністікке шақыра отырып, әдебиетке жаңа стандарттар енгізді. Сонымен қатар қытай жазушыларының шығармалары ұлттық мәдениеттің байлығын дәріптей отырып, жаһандық аудиторияға түсінікті әмбебап тақырыптарды көтеруімен ерекшеленеді. Қытай әдебиеті бүгінде рухани құндылықтарды сақтау мен оларды әлемдік деңгейде насихаттаудың жарқын үлгісіне айналды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеу жұмысы қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері мен оның жаһандық мәдениеттегі орнын талдауға арналған. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және көркемдік-талдау әдістері қолданылды. Олар қытай әдебиетінің

даму кезеңдерін, әсіресе, реформалар мен «мәдени төңкеріс» кезеңіндегі өзгерістерді түсінуге және осы әдебиеттің ұлттық дәстүрлер мен заманауи жаңашылдықты қалай үйлестіретінін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар контент-талдау мен интертекстуалдық талдау әдістері арқылы заманауи қытай әдебиетінің негізгі тақырыптары, идеялары және жаһандық әдебиетпен байланысы қарастырылды.

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде Мо Яньның «Қызыл гаолян», Ю Хуаның «Тірі қалу» және Янь Лянькенің «Динг ауылының хроникалары» сияқты шығармалары алынды. Бұл шығармалар ұлттық болмыстың көркемдік ерекшеліктерін ғана емес, жаһандық мәселелерді де бейнелей отырып, әдебиеттің маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар қытай әдебиетінің аудармалары мен олардың халықаралық деңгейдегі орнын қарастыру зерттеу материалына енді. Бұл қадам қытай әдебиетінің жаһандық танымалдығын арттырған факторларды тереңірек түсінуге ықпал етті.

Зерттеу барысында әдебиеттанушылар мен сыншылардың еңбектері, әдеби журналдар мен баспа басылымдары, сондай-ақ электрондық ресурстар пайдаланылды. Осы материалдар қытай әдебиетінің әлемдік мәдениеттегі рөлін және ұлттық болмысты сақтай отырып, жаңа мазмұнмен қалай байытылғанын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу әдістері мен материалдары қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық және жаһандық әдебиет арасындағы маңызды байланыс ретіндегі орнын ашып көрсетуді қамтамасыз етті.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазіргі заманғы қытай әдебиетінің танымалдығы оның ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, жаһандық мәселелерді көркем бейнелеу қабілетімен тығыз байланысты. Зерттеу барысында Мо Янь, Ю Хуа, Янь Ляньке, Ли Жуй, Лю Цысинь және Би Фэйюй сияқты әдебиет өкілдерінің шығармаларына талдау жасалды. Бұл авторлардың еңбектері қытай әдебиетінің заманауи бағыттарын айқындай отырып, оның жаһандық әдебиет кеңістігіндегі ерекше орнын көрсетеді [1].

Мо Янь (шын есімі – Гуань Мое) – қазіргі заманғы қытай әдебиетінің әлемдік деңгейдегі танымал жазушысы, 2012 жылғы Нобель әдебиет сыйлығының лауреаты. Ол өзінің шығармашылығында ұлттық мәдениет пен жаһандық әдебиеттің үйлесімін көрсете отырып, қытай әдебиетінің танымал болуына айтарлықтай үлес қосты.

Мо Яньның әдебиетке деген құштарлығы оны 1981 жылы алғашқы шығармаларын жариялауға жетеледі. Оның «Көктемгі түнгі жаңбыр», «Құрғақ өзен», «Күзгі сулар» және «Халық музыкасы» атты шығармалары әдебиет әлеміне алғашқы қадамдары болды. Жазушының әдебиеттегі танымалдығы 1986 жылы «Қызыл гаолян» романының жарық көруімен басталды. Роман қытай ауылындағы өмірдің шынайы көріністерін бейнелей отырып, сол кезеңдегі әлеуметтік және саяси өзгерістерді көрсетеді. Мысалы ауыл тұрғындарының кедейлік пен жерге байланысты қақтығыстары, сондай-ақ қоғамдық құндылықтардың өзгеруі романдағы маңызды тақырыптардың бірі. Бұл өзгерістер жаңа заманның ықпалымен дәстүрлі моральдық нормалардың өзгеруіне әкелгені кейіпкерлердің мінез-құлықтары арқылы шынайы суреттелген. Сонымен қатар романда

жапон басқыншылығының ауыл өміріне тигізген ықпалы айқын көрсетілген. Жапон армиясының басып кіруі жергілікті тұрғындардың ұлт-азаттық күреске қатысуына түрткі болып, халықтың патриоттық рухының оянуына ықпал етті. Шығармада басқыншылыққа қарсы күрес қытай халқының ұлттық бірегейлігін нығайту үдерісінің айқын көрінісі ретінде бейнеленген. Сонымен қатар роман Қытайдың ішкі саяси ахуалындағы күрделі идеологиялық қайшылықтарды, әлеуметтік топтар арасындағы жанжалдарды да қамтиды. Бұл қақтығыстар ауыл тұрғындарының өмірін одан әрі күрделендіріп, олардың тағдырына терең ықпал етті. Осылайша «Қызыл гаолян» романы қытай халқының тарихи жадын, ұлттық рухын және әлеуметтік құрылымның өзгерістерін кейіпкерлердің тағдырлары арқылы бейнелеп, оқырманды сол дәуірдің шындығымен терең таныстыра білді.

Романның ерекше стилі – реализм мен символизмнің үйлесімі. Қызыл гаолян даласы тек ауылдық өмірдің декорациясы ғана емес, қытай халқының ұлттық болмысының символы ретінде бейнеленеді. Бұл тәсіл романның көркемдік құндылығын арттырып, оны әлем оқырмандарына түсінікті және қызықты етеді. Мо Янь осы романында халықтың тарихи жадын сақтап, оның қиындықтарын суреттеумен бірге, адам болмысының әмбебап аспектілерін зерттейді. Бұл шығарма Мо Яньның Нобель әдебиет сыйлығын алуына негіз болды. «Asiaweek» журналы 2000 жылы «Қызыл гаолянд» XX ғасырдағы 100 үздік қытай романының қатарына енгізді.

Мо Яньның «Қызыл гаолян» романы – қазіргі заманғы қытай әдебиетінің жарқын үлгілерінің бірі және автордың шығармашылық жолындағы алғашқы маңызды туындысы. Бұл көлемді роман 1986 жылы жарық көріп, Қытай әдебиетінде айтарлықтай құбылысқа айналды. Шығарма бес бөлімнен тұрады және алты жүз беттен асады. Оның жарық көруімен Мо Янь есімі қытай әдебиетінің ірі тұлғаларының қатарынан орын алып, кеңінен танылды [2].

Романның танымалдығы тек әдебиет шеңберімен шектелмей, көркем өнердің басқа салаларына таралды. 1988 жылы атақты қытай режиссері Жаң Имоу осы роман негізінде «Қызыл гаолян» фильмін түсірді. Бұл туынды Берлин халықаралық кинофестивалінде ең жоғары марапат – «Алтын аюды» жеңіп алып, қытай мәдениетінің жаһандық деңгейде танылуына ықпал етті. Фильмнің жетістігі романға деген қызығушылықты арттырып, қытай әдебиетін әлемдік оқырман қауымға жақындата түсті.

«Қызыл гаолян» романының қазақ тіліне аударылуы да оның жаһандық танымалдылығын көрсетеді. Шығарманы қазақ тілінде Серік Нұғыман аударып, қазақстандық оқырмандарға қытай халқының ұлттық болмысын, тарихи кезеңдерін және мәдени ерекшеліктерін жақын танытуға үлес қосты. Бұл аударма романды қазақ әдебиет сүйер қауымға түсінікті әрі қолжетімді етті.

Мо Яньның бұл шығармасы ұлттық әдебиет пен жаһандық танымалдылықты ұштастырудың жарқын мысалы. Роман қытай халқының күрделі тарихи кезеңдерін, ауыл өмірін, отбасы құндылықтарын және ұлттың болмысын терең философиялық тұрғыдан бейнелейді. Әдебиеттанушылардың пікірінше, «Қызыл гаолян» тек тарихи оқиғалар мен ұлттық болмысты көрсетумен шектелмейді, ол адамзаттық құндылықтарды да көтеріп, жаһандық оқырманның жүрегіне жол табады.

Бұл роман қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтардың үйлесімінен құралған бірегей әдеби феномен екенін дәлелдейді. Мысалы, романдағы басты оқиғалар Қытайдың ауылдық өмірін бейнелеп, дәстүрлі мәдениет элементтері арқылы қытай халқының ұлттық болмысын айқындайды. Солардың бірі – гаолян даласының символикалық мағынасы. Гаолян тек ауыл шаруашылығындағы маңызды өсімдік қана емес, сонымен қатар халықтың өмірге деген табандылығы мен рухының белгісі ретінде көрініс табады.

Романда жаһандық құндылықтарға баса назар аударады, мысалы, жапон басқыншылығына қарсы күресте адамдардың өз бостандығы үшін жан аямайтын батылдығы мен әділет үшін күресі әмбебап сипатқа ие. Кейіпкерлердің бірлігін, өз отбасын, туған жерін қорғауға деген ұмтылысы – адамзат үшін ортақ құндылықтар. Бұл тек Қытай халқына тән оқиға емес, жалпы ұлттардың басқыншылық пен әділетсіздікке қарсы күресіндегі ортақ мәселелерін қозғайды.

Осының нәтижесінде «Қызыл гаолян» ұлттық болмысты сақтай отырып, жаһандық мәселелерді қозғаған шығармашылықтың жарқын үлгісі саналады. Шығармада қытай мәдениетінің байлығын сақтай отырып, оның мәнін әлемдік деңгейдегі оқырманға түсінікті әрі маңызды ететін әдеби құралдар шебер қолданылған. Бұл роман ұлттық пен жаһандықтың арасындағы үйлесімді байланысты көрсетіп, қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ерекше феномен ретінде мойындалуына негіз болды [3].

Белгілі жазушы Юй Хуа – Қытай әдебиетінің «жаңа толқыны» өкілдерінің ішіндегі ең дарынды жазушылардың бірі, көптеген халықаралық әдеби сыйлықтардың иегері. Оның «Өмір сүру» атты романы Қытайда XX ғасырдың екінші жартысындағы ең маңызды он кітаптың бірі деп танылып, ел әдебиетінің алтын қорына енді. Бұл шығармада қарапайым қытай шаруасының тағдыры арқылы бүкіл Қытайдың XX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи өзгерістері мен әлеуметтік өмірі терең бейнеленеді [4].

Романның сюжеті Фугуй есімді шаруа өмірінің күрделі кезеңдерін қамтиды. Ол саяси өзгерістер мен әлеуметтік дағдарыстардың ортасында қалып, отбасы мен жеке басының қиындықтарын еңсере отырып, адам рухының төзімділігі мен күш-жігерін көрсетеді. Шығарманың басты құндылығы – оның қарапайым адамның тағдыры арқылы ұлттың жалпы болмысын бейнелеуінде. Бұл роман қытай халқының тарихи жадын сақтаумен қатар, жаһандық оқырмандарды да адамзаттық құндылықтар туралы ойлануға шақырады.

«Өмір сүру» романының танымалдығы тек әдебиет аясымен шектелмей, кино өнерінде де үлкен жетістіктерге жетті. Әйгілі қытай режиссері Чжан Имоу осы шығарма негізінде фильм түсіріп, Канн кинофестивалінде үш бірдей жүлде, оның ішінде Қазылар алқасының Гран-приін иеленді. Фильм романның философиялық тереңдігі мен эмоционалдық әсерін күшейтіп, қытай мәдениетінің жаһандық деңгейде мойындалуына үлес қосты.

Юй Хуаның «Өмір сүру» романы қазіргі заманғы қытай әдебиетінің әлеуметтік мәселелерді көтерудегі және тарихи сабақтарды бейнелеудегі ерекше шеберлігін көрсетеді. Бұл шығарма ұлттық мәдениет пен жаһандық әдебиет арасындағы көпірге айналып, қытай әдебиетінің жаһандық деңгейде танылуына айтарлықтай ықпал етті. Романның

басты тақырыбы – өмір сүру үшін күрес, адам рухының мықтылығы мен тағдырдың сынақтарына қарсы тұру – оны әлемдік оқырмандарға жақын әрі түсінікті етеді.

Юй Хуаның шығармашылығы қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтарды үйлестіру арқылы әлемдік мәдениетте өз орнын айқындап, оның көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылады.

«Жаңа толқын» жазушыларының алдыңғы қатарында тұрған және бір дарынды авторлардың бірі – Янь Ляньке. Ол 1979 жылы өзінің алғашқы әңгімесін жариялап, әдебиет әлеміне қадам басқаннан бері 14 роман және 40-тан астам әңгіме жазды. Оның «Уақыт ағысы», «Су сияқты қатты», «Дин ауылының арманы», «Оде кітаптары», «Батқан күн» сынды романдары мен «Яо алқабы тұрғындарының армандары», «Жазғы күннің бату сәті», «Жылдар, айлар, күндер» сияқты әңгімелері қытай әдебиетінде ерекше орынға ие.

Янь Лянькенің алғашқы шығармалары реалистік бағытта жазылып, XIX ғасыр реализмінің ықпалын айқын көрсетті. Алайда 1990 жылдардың соңында оның стилі күрделі өзгерістерге ұшырады. Автордың кейінгі шығармаларында аллегориялық бейнелеу әдістері мен қиялға толы оқиғалар кеңінен қолданылды. Яньның драмалық сюжеттері жиі мифологиялық сарындарды еске түсіреді, бұл оның шығармаларын заманауи аллегориялық әдебиетке жақындатады. Мысалы, «Жылдар, айлар, күндер» және «Сүйек кемігі» әңгімелері, сондай-ақ «Уақыт ағысы» романы сыншылар тарапынан жоғары бағаланды.

Янь Лянькенің шығармаларының көпшілігінде оқиғалар Балү тауы аймағында өрбиді. Бұл ойдан шығарылған мекен автордың шығармашылық әлемінде маңызды орынға ие және қазіргі қытай әдебиетіндегі ең танымал әдеби пейзаждардың бірі саналады. Әсіресе, «Балү тауы сериясы» – «Уақыт ағысы», «Су сияқты қатты» сынды шығармаларында Қытайдың тарихи шындығы терең әрі өткір бейнеленген. Бұл романдар карнавалдық элементпен қатар, Қытай қоғамының күрделі әлеуметтік мәселелерін көтереді.

Ұлыбритания газеті «The Guardian» Янь Лянькені «қиялға бай сатира шебері» деп атады, ал «Vanity Fair» оны «магия мен шындықтың арасында тепе-теңдік сақтаған жазушы» деп бағалады. «Frankfurt Christian Science Monitor» Яньды «күрделі мәселелерді көтеруге батылы жететін шебер жазушы» деп сипаттады. «The World» журналы оны қытай әдебиеті мен сөз бостандығының жаңа стандарттарын орнатушы ретінде таныды [5].

Янь Лянькенің шығармашылығы – қытай әдебиетінің жаһандық деңгейдегі маңызды феномендерінің бірі. Оның «Дин ауылының арманы», «Төрт кітап», «Хроникалар» сияқты туындылары қытай қоғамының шындығын терең философиялық және көркемдік тұрғыдан зерттейді. Янь Ляньке өз шығармалары арқылы қытай әдебиетін әлемдік әдебиет деңгейіне көтерді. Оның шығармалары жаһандық аудиторияға қытай халқының мәдениеті мен болмысын таныстырып қана қоймай, заманауи әдебиетте жаңа стандарттарды қалыптастыруға үлес қосты. Бұл оны қазіргі заманғы қытай әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде ерекше танымал етті.

Бірнеше жыл бұрын «Қытайда қандай фантастика жазылады?» деген сұраққа жауап беру қиынға соғатын. Қытай әдебиетінде өзіндік фантастика дәстүрі бар екенін елден

тыс жерлерде көпшілік біле бермейтін. Бұл жағдайды түбегейлі өзгерткен жазушы – Лю Цысинь. 2014 жылы оның ғылыми-фантастикалық романы «Үш дене есебі» ағылшын тіліне аударылып, Батыста бірден танымалдылыққа ие болды.

Лю Цысинь мәдени төңкеріс кезеңінде өсті. Бұл тарихи оқиғалар оның дүниетанымына терең із қалдырды. Сол кезде Батыс әдебиеті Қытайда қатаң тыйым салынғанына қарамастан, жас Лю Жюль Верн, Артур Кларк, Айзек Азимов және Джордж Оруэлл шығармаларын жасырын түрде оқумен болды. Бұл авторлар Лю Цысиньнің қиялы мен ғылыми-фантастикалық шығармашылыққа деген қызығушылығын оятты.

Лю Цысинь Артур Кларктың шығармашылығынан ерекше шабыт алғанын атап өтеді. Оның айтуынша: «Артур Кларк менің ой-өрісіме ерекше әсер етті. Оның «Ғарыш Одиссеясы» ғылыми фантастиканың қиял мен ойлау кеңістігін ашып берді. Кларктың жұмыстары – әр бөлшегі үйлесімді жасалған күрделі әлемді суреттейтін алып шығармашылық жоспар секілді» [6].

Инженерлік білім алған Лю Цысинь өзінің әдебиетке деген қызығушылығын алғашында хобби ретінде ғана қабылдады. Қытайдың әйгілі фантасты Лао Шэ шығармашылығынан шабыттанған ол алғашқы әңгімелерін студент кезінде жаза бастады. Оның жазушылық мансабы 36 жасында күтпеген жерден өрлей бастады: оның әңгімесін Қытайдың әйгілі «Science Fiction World» журналы жариялады. Осыдан кейін ол бірте-бірте жазушылыққа бет бұрып, шығармаларының санын арттыра түсті. Оның «Қытай 2185» атты романы қытай әдебиетінде «алғашқы киберпанк» ретінде танылды.

Лю Цысиньнің 2006 жылы жарық көрген «Үш дене есебі» романы қытай фантастикасын әлемдік деңгейге көтерді. Бұл роман адамзаттың бөтен өркениетпен алғашқы байланысын сипаттайды. Шығарма мәдени төңкеріс кезеңін бейнелейтін флешбектермен басталып, қазіргі заманға ойысады. Онда ғарыштық өркениеттің өкілдерімен байланыс орнату және негізгі ғылыми заңдардың бұзылуы сынды күрделі тақырыптар қозғалған. Лю Цысинь адамдар мен бөтендер арасындағы қақтығыс тақырыбын жаңаша қырынан қарастырып, фантастика жанрына түбегейлі өзгешелік әкелді.

Бұл романның жалғасы болып табылатын «Жердің өткенін еске алу» трилогиясының кейінгі бөліктері оқиғалар ауқымын кеңейтіп, бірнеше ғасырды қамтиды. Бұл трилогия қытай әдебиетінің ғылыми-фантастикалық бағыттағы ірі жетістігіне айналды [7].

Лю Цысиньнің шығармалары – қытай мәдениеті мен ғылыми қиялдың ерекше үйлесімі. Оның туындылары қытай қоғамының тарихи және заманауи мәселелерін фантастикалық тұрғыдан зерттеп, жаһандық оқырмандарға жаңа идеялар ұсынады. «Үш дене есебі» романының ағылшын тіліне аударылуы қытай әдебиетінің Батыста танымал болуына жол ашты. Лю Цысиньді «The Guardian» «қытай фантастикасының көрнекті шебері» деп атаса, «Vanity Fair» оның «қиял мен шындық арасындағы шебер тепе-теңдігін» ерекше атап өтті [8].

Лю Цысиньнің туындылары қытай фантастикасының әлемдік аренада лайықты орын алуына ықпал етіп, қытай әдебиетін жаһандық деңгейде танымал етті. Оның шығармалары қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтарды үйлестіру арқылы жаңа деңгейге көтерілгенін дәлелдейді.

Қазіргі заманғы қытай әдебиеті өкілдерінің бірі – Би Фэйюй. Ол қазіргі заманғы қытай әдебиетінің танымал жазушысы, журналист және сценарист. Би Фэйюй – қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ең әйгілі авторларының бірі. Оның шығармалары заманауи Қытай қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді, адамның ішкі әлемін және тарихи оқиғалардың жеке тұлғаға әсерін шебер суреттеуімен ерекшеленеді. Әлемдік деңгейде мойындалған жазушының туындылары 20-дан астам тілге аударылған, бұл оның шығармашылығының жаһандық аудиторияға жақын екенін көрсетеді.

Оның әдеби еңбектері көптеген беделді марапаттарға ие болды, олардың ішінде «Азия Букері» сыйлығы ерекше орын алады. Бұл марапат Би Фэйюй шығармаларының халықаралық деңгейде танылғанын және заманауи қытай әдебиетінің жаһандық әдебиетке қосқан маңызды үлесін айғақтайды [9].

Би Фэйюйдің шығармашылығы қазіргі заманғы қытай әдебиетінің ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтарды үйлестіретін маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оның әдебиеттегі шеберлігі мен түрлі жанрлардағы белсенділігі оны қытай мәдениетінің көрнекті өкілі ретінде танымал етті. Би Фэйюйдің туындылары қытай қоғамындағы маңызды мәселелерді көтере отырып, әлемдік әдебиетке жаңа леп әкелді және қазіргі заманғы қытай әдебиетінің жаһандық деңгейде мойындалуына зор үлес қосты. Оның шығармаларында Қытайдағы әйелдердің қоғамдағы орны, адамның психологиялық күйзелісі және әлеуметтік теңсіздік мәселелері ерекше орын алады. Мысалы, «Масқара» романында жазушы үш әйелдің тағдыры арқылы әртүрлі әлеуметтік топтар мен тарихи кезеңдердегі қытай әйелдерінің өмірін бейнелейді. Бұл шығарма әйелдердің жеке бас еркіндігі үшін күресі мен олардың қоғамдағы рөлін шынайы суреттеп, оқырманды ойлануға жетелейді.

Сонымен қатар «Тамшылар» романында адам жанының терең қайшылықтары мен өзінің өмірлік орнын іздеуі көрсетілген. Бұл туындыда қарапайым ауыл мұғалімінің тағдыры арқылы адамның ішкі жан дүниесіндегі күрделі процестер суреттеліп, оқырманды адамның рухани дамуына бағыттайды. Әлеуметтік теңсіздік тақырыбы Би Фэйюй шығармашылығында ерекше орын алады. «Айна» романында ауыл мен қала арасындағы алшақтық, байлар мен кедейлердің теңсіздігі және олардың әлеуметтік әсері шынайы бейнеленген. Бұл шығармалар қытай қоғамының күрделі құрылымын ашып көрсетіп, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселелерін алдыңғы қатарға шығарады.

Би Фэйюйдің туындыларында нәзік психологиялық талдау мен кейіпкерлердің шынайылығы әлемдік оқырмандарды қызықтырып, қытай әдебиетінің жаһандық деңгейде танылуына ықпал етеді. Жазушының стильдік жаңашылдығы мен терең мазмұнды шығармалары қытай прозасын әлемдік әдебиетке жаңа деңгейге көтеріп, адамзаттың ортақ мәселелерін ұлттық контекст арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша Би Фэйюйдің шығармалары қытай әдебиетінің жаһандық танымалдылығын арттыруға айтарлықтай үлес қосты.

Бұл авторлардың шығармалары қытай әдебиетінің жаһандық әдебиет кеңістігіндегі мәртебесін арттырды. Олар ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, жаһандық оқырманды қызықтыратын тақырыптарды көтеру арқылы қытай әдебиетінің заманауи феноменге айналуына үлес қосты. Қазіргі заманғы қытай әдебиеті ұлттық дәстүр мен

жаһандық идеялардың тоғысуы арқылы әлемдік әдебиетте өзіне тән ерекше орнын қалыптастырды.

Қорытынды

Қазіргі заманғы қытай әдебиеті – ұлттық мәдениеттің терең ерекшеліктерін сақтай отырып, жаһандық мәселелерді көркемдік тұрғыда бейнелейтін және заманауи әдебиетте айрықша маңызға ие болып отырған құбылыс. Оның заманауи әдебиет кеңістігіндегі танымалдығы ұлттық дәстүрлер мен жаһандық құндылықтардың үйлесімінде жатыр. Қытай әдебиетінің қазіргі жетістіктері – оның заманауи мәселелер мен жаһандық тақырыптарды көтере отырып, әлемдік оқырмандардың жүрегіне жол табуында.

Қытай жазушыларының шығармалары терең философиялық мазмұнымен, тарихи оқиғаларды шынайы бейнелеуімен және көркемдік жаңашылдығымен ерекшеленеді. Олар әдебиет арқылы қытай халқының ұлттық болмысын, тарихи жадын және әлеуметтік өзгерістерді бейнелеумен қатар, жаһандық аудиторияны адамзаттық мәселелер туралы ойлануға жетелейді. Мұндай шығармашылық тәсіл қытай әдебиетін тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де маңызды феноменге айналдырды.

Қазіргі заманғы қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері – Мо Янь, Ю Хуа, Янь Ляньке, Лю Цысинь, Би Фэйюй – өз шығармашылығымен әдебиеттің шекарасын кеңейтіп, қытай мәдениетін жаһандық деңгейде танытуға үлес қосты. Олардың шығармалары қытай қоғамындағы тарихи және әлеуметтік өзгерістерді бейнелей отырып, адамзаттың жаһандық мәселелерін де қозғайды. Әсіресе, Мо Яньның «Қызыл гаолян» романы, Лю Цысиньнің «Үш дене есебі» трилогиясы, Ю Хуаның «Өмір сүру» шығармасы және Янь Лянькенің «Дин ауылының арманы» сияқты туындылары заманауи қытай әдебиетінің жоғары көркемдік жетістіктерін әлемге паш етті.

Қытай әдебиетінің танымал болуы оның аударма ісінің жетістігімен де тығыз байланысты. Қытай жазушыларының шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, жаһандық оқырманға қолжетімді болды. Әдеби аудармалар қытай мәдениеті мен әдебиетінің байлығын халықаралық аудиторияға танытуда маңызды рөл атқарады. Бұл үдерісте беделді марапаттар, соның ішінде Нобель сыйлығы, «Хьюго», «Азия Букері» сияқты сыйлықтар қытай әдебиетінің халықаралық деңгейде мойындалуына септігін тигізді.

Сонымен қатар қытай жазушыларының шығармаларының киноға бейімделуі олардың танымалдылығын арттырып, кең аудиторияға жол ашты. Мысалы, Мо Яньның «Қызыл гаолян» романының экрандалуы халықаралық кинофестивальдерде жоғары бағаланып, әдебиеттің ықпал ету аясын кеңейтті. Лю Цысиньнің «Үш дене есебі» трилогиясы да ғылыми фантастиканың жаһандық деңгейде бағалануына жол ашты.

Қазіргі заманғы қытай әдебиеті ұлттық бірегейлікті сақтау, жаһандық мәдениетпен өзара ықпалдасу және жаңа әдеби бағыттарды дамыту арқылы әлемдік әдебиетте ерекше орын алды. Бұл әдебиет тек Қытайдың ішкі мәселелерін бейнелеумен шектелмей, жаһандық оқырман қауымға түсінікті әрі маңызды тақырыптарды ұсына отырып, халықаралық деңгейде танылды.

Қытай жазушыларының шығармалары жаһандық мәдениетаралық диалогты нығайтуға үлес қосты. Олар ұлттық мәдениеттің терең мәнін сақтай отырып, адамзат болашағы, әлеуметтік әділеттілік, ғылым мен технологияның ықпалы сияқты жаһандық тақырыптарды қозғады. Бұл қытай әдебиетінің ұлттық болмысты жаһандық деңгейде танытудағы маңызды рөлін көрсетеді.

Қытай әдебиеті қазіргі заманның күрделі мәселелерін зерттеп қана қоймай, адамзаттың болашаққа деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық алаңға айналды. Оның ұлттық мәдениетке негізделген жаһандық құндылықтарды дәріптеуі оны әлемдік әдебиет кеңістігінің маңызды бөлігіне айналдырды. Қытай әдебиетінің жаһандық әдебиетке қосқан үлесі ұлттық болмысты сақтаумен қатар, мәдениетаралық түсіністікті нығайтудағы маңызды қадам ретінде бағаланады. Осылайша қазіргі заманғы қытай әдебиеті жаһандық идеялар мен ұлттық дәстүрлерді үйлестіре отырып, әлемдік әдебиетте өзіне тән ерекше орнын иеленді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Мурзатаева Р.С. – хат-хабарға жауапты автор, әдебиетпен жұмыс жасау, материалдарды жинау және аудару, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зерттеу мақаласын жазу, мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

Құрманғали Г.Қ. – мақаланың тұжырымдамасын, тақырыбын айқындау, материалдар жинау және бағыт-бағдар беру.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәсімханұлы Д. Қытай туралы қырық сөз / ғылыми-зерттеулер, очерктер, сұхбаттар. – Астана: Фолиант, 2014. – 300 б.
2. 山东大学宁明教授莫言研究系列论文之二：诺奖之后英语世界莫言研究评述[Electronic resource]. Available at: https://rwys.qd.sdu.edu.cn/info/1513/2305.htm?utm_source= (Accessed: 25.01.2025).
3. Translated by Howard Goldblatt. Mo Yan: 红高粱家族 (Red Sorghum)// [Electronic resource]. Available at: <https://www.themodernnovel.org/asia/other-asia/china/mo-yan/red-sorghum/> (Accessed: 25.01.2025)
4. Серік Лина. Қытайдың қазіргі заман жазушысы Юй Хуа және оның «Тіршілік» атты романындағы кейіпкерлер образы. – Астана, 2021.
5. Черная сатира на лихорадку зарабатывания денег, охватившую Китай в 90-х годах. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.theguardian.com/books/2013/mar/08/lenins-kisses-yan-lianke-review> (Дата обращения: 25.01.2025)
6. Абдырақын Н., Бисенбаева Ә. Қазіргі заман қытай әдебиеті (I бөлім). 中国现当代文学: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2022. – 236 б.
7. 刘慈欣.流浪地球[Electronic resource]. Available at: <https://www.51shucheng.net/kehuan/liulangdiqu> (Accessed: 25.01.2025).
8. 李洁非: 《寻根文学: 更新的开始 (1944-1985)》(Автор: 李洁非) // 《当代作家评》 1995年第4.

9. Man Asian Literary Prize goes to Chinese author Bi Feiyu. [Electronic resource]. Available at: <https://www.latimes.com/archives/blogs/jacket-copy/story/2011-03-17/man-asian-literary-prize-goes-to-chinese-author-bi-feiyu> (Accessed: 25.01.2025).

Р.С. Мурзатаева , Г.К. Курмангали

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Популярность современной китайской литературы и ее выдающиеся представители

Аннотация. В данной статье рассматриваются национальные особенности и глобальная популярность современной китайской литературы. Современная китайская литература является ярким проявлением литературного процесса, который на протяжении веков объединяет традиции и новаторство. С начала XX века социальные и политические изменения в истории Китая оказали значительное влияние на литературу. Исследование, всесторонне анализируя историческое, социальное и философское содержание китайской литературы, раскрывает ее способность гармонично сочетать национальную культуру и глобальные ценности. В качестве примера рассматриваются произведения таких известных китайских писателей, как Мо Янь, Юй Хуа, Янь Лянькэ, Лю Цысинь и Би Фэйюй. В их произведениях мастерски изображаются социальные проблемы китайского общества, отношения между человеком и природой, народом и властью. В статье подчеркивается значимость китайской литературы в отражении глобальных проблем при сохранении национальной самобытности, а также её роль в укреплении междокультурного диалога. Также подробно рассматривается место и влияние современной китайской литературы в глобальной культуре. Отмечается, что признание китайской литературы на международной арене, получение престижных наград и переводы на мировые языки способствовали её заслуженному положению в мировом литературном пространстве. Кроме того, обсуждается экранизация китайских литературных произведений и их популярность среди широкой аудитории.

Ключевые слова: современная китайская литература, международная популярность, глобальная культура, литературный перевод, национальная самобытность, глобальные темы, китайская культура.

R.S. Murzataeva, G.K. Kurmangali

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Popularity of Contemporary Chinese Literature and Its Prominent Representatives

Abstract. This article analyzes the national characteristics and global popularity of contemporary Chinese literature. Modern Chinese literature is a vivid reflection of a literary process that has combined tradition and innovation over the centuries. Since the early 20th century, the social and political changes in China's history have significantly influenced its literature. The study explores the historical, social, and

philosophical dimensions of Chinese literature, revealing its unique ability to blend national culture with global values. The works of prominent Chinese authors such as Mo Yan, Yu Hua, Yan Lianke, Liu Cixin, and Bi Feiyu are examined as examples. These writers skillfully depict the social issues of Chinese society during their respective eras, as well as the relationships between humans and nature, and between the people and authority. The article emphasizes the importance of Chinese literature in portraying global issues while preserving its national identity, and its role in strengthening intercultural literary dialogue. Furthermore, the article explores the place and influence of contemporary Chinese literature in global culture. It is highlighted that the international recognition of Chinese literature through prestigious awards and translations into world languages has helped secure its rightful place in the global literary sphere. Additionally, the adaptation of Chinese literary works into film and their growing popularity among wider audiences are also discussed.

Keywords: contemporary Chinese literature, international popularity, global culture, literary translation, national identity, global themes, Chinese culture.

References

1. Masimkhanuly D. Kytai turaly kyryk soz / gylimi zertteuler, ocherkter, sukhbattar [Forty Words about China / research, essays, interviews] (Foliant, Astana, 2014, 300 p.). [in Kazakh]
2. 山东大学宁明教授莫言研究系列论文之二：诺奖之后英语世界莫言研究评述 [Electronic resource]. Available at: https://rwys.qd.sdu.edu.cn/info/1513/2305.htm?utm_source= (Accessed: 25.01.2025). [in Chinese]
3. Translated by Howard Goldblatt. Mo Yan: 红高粱家族 (Red Sorghum) // [Electronic resource]. Available at: <https://www.themodernnovel.org/asia/other-asia/china/mo-yan/red-sorghum/> (Accessed: 25.01.2025)
4. Serik Lina. Kytaidyn kazirgi zaman zhazushysy Yui Khua zhane onyn "Tirshilik" atty romanyndagy keipkerler obrazy [The image of the modern Chinese writer Yu Hua and the characters in his novel "Life"] (Astana, 2021). [in Kazakh]
5. Chernaya satira na likhoradku zarabatyvaniya deneg, okhvativshuyu Kitai v 90-kh godak [A black satire on the money-making fever that swept China in the 90s.] [Electronic resource]. Available at: <https://www.theguardian.com/books/2013/mar/08/lenins-kisses-yan-lianke-review> (Accessed: 25.01.2025) [in Russian]
6. Abdyrakyn N., Bisenbaeva A. Kazirgi zaman kytai adebieti (I bolim) [Modern Chinese literature (part I)] 中国现当代文学 (Daryn, Almaty, 2022, 236 p.). [in Kazakh]
7. 刘慈欣. 流浪地球 [Electronic resource]. Available at: <https://www.51shucheng.net/kehuan/liulangdiqu> (Accessed: 25.01.2025). [in Chinese]
8. 李洁非: 《寻根文学: 更新的开始 (1944-1985)》 (Автор: Ли Жиепи) // 《当代作家评》 1995年第4. [in Chinese]
9. Man Asian Literary Prize goes to Chinese author Bi Feiyu. [Electronic resource]. Available at: <https://www.latimes.com/archives/blogs/jacket-copy/story/2011-03-17/man-asian-literary-prize-goes-to-chinese-author-bi-feiyu> (Accessed: 25.01.2025).

Авторлар туралы мәлімет:

Мурзатаева Р.С. – Шығыстану кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Құрманғали Г.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Мурзатаева Р.С. – магистрант кафедры востоковедения, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Құрманғали Г.К. – кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Murzataeva R.S. – MA student at the Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kurmangali G.K. – Candidate of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).